

1- тапсырма

Қазақстанның сыртқы саясатының қалыптасу бағыты.



Орындаған: Турманова
Мадина Жұмағалиқызы

* Қазақстанның сыртқы саясаты:

*

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты белсенділігімен, тепе-теңдік сақтауға ұмтылысымен, прагматизмдігімен, сындарлы сұхбат жүргізуге талпынысымен және көпжақты ынтымақтастыққа бағытталғандығымен ерекшеленеді. Халықаралық аренада мемлекетіміз өзінің тарихи, геосаясаттық және экономикалық факторларына байланысты көп ғасырлар бойы сыртқы саясатын халықаралық ынтымақтастық, көршілес мемлекеттермен татуластық және олардың аймақтық біртұтастығын құрметтеу принципіне негіздеп жүргізіп келеді. Қазақстанның өзге мемлекеттермен тең құқылы және екі жаққа да тиімді қарым-қатынас құруға дайындығы оның бүгінгі күні дипломатиялық байланыс орнатқан шет мемлекеттердің санының көптігімен дәлелденіп отыр. 1991 жылы тәуелсіздік алған сәттен бастап біздің республика әлемнің 130 мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Көптеген себептерге байланысты Орталық Азия мен Қазақстан аймағы әлем саясатында қазіргі кезде ерекше назарға ие.


Қазақстан екпінді даму қарқынының арқасында ірі трансұлттық корпорациялардың, өзге мемлекеттердің үлкен қызығушылығына ие. Бұл түсінікті де, Қазақстан Орталық Азиядағы географиялық сипаты бойынша ең ірі мемлекет болып табылады, оған қоса экономикалық даму қарқыны бойынша біздің мемлекет аймақтағы көшбасшы. Осы ретте еліміздің болашақта даму мүмкіндіктерінің мол екендігін ескере кету керек. Бүгінгі күні қазақстандық сыртқы саясат басымдылығы ең алдымен Ресей, Қытай, АҚШ, ЕО, Орталық Азия аймағындағы көршілес мемлекеттермен, ислам әлемімен тең құқылы қарым-қатынас құруға бағыттталып отыр. Бұл тұрғыда 2006 – 2007 жылдары аталмыш мемлекеттермен және аймақтармен ей жақты байланыс едәір алға басты. Ел мүддесіне қатысты бірталай маңызды құжатқа қол қойылған мемлекет басшылығының Вашингтон, Мәскеу, Брюссель, Лондон, Пекин, Каир, Тегеран, Ташкент, Бішкек және тағы да басқа мемлекеттердің астаналарына ресми сапарларының қорытындылары да осыны айғақтай түсуде. Осылайша мемлекетіміздің әлемнің жетекші державалары мен көршілес ТМД мемлекеттері арасындағы стратегиялық серіктестігі жаңа деңгейге көтерілді деуге болады.

* Орталық Азия Мемлекеттерімен





* Қазақстанның сыртқы саясатының басты бағыттарының бірі Ресеймен қарым-қатынас болып табылады. Бұл мемлекетпен біздің ел көп жылдар бойы тығыз қарым-қатынаста болып келеді. Өзара бөлісіп жатқан мемлекеттік шекараның ұзындығының өзі 7591 шақырымға созылып жатыр. Мемлекетаралық достастық екі бірдей президенттің және екі ел халқының өзара тығыз байланысы арқасында дамып отыр. Қазақстан мен Ресей арасында отын-энергетикалық кешен, көлік және коммуникация, әскери-техникалық және қорғаныс өнеркәсібі салалары бойынша байланыс орныққан.



* Қазақстан екпінді даму қарқынының арқасында ірі транснационалдық корпорациялардың, өзге мемлекеттердің үлкен қызығушылығына ие. Бұл түсінікті де, Қазақстан Орталық Азиядағы географиялық сипаты бойынша ең ірі мемлекет болып табылады, оған қоса экономикалық даму қарқыны бойынша біздің мемлекет аймақтағы көшбасшы. Осы ретте еліміздің болашақта даму мүмкіндіктерінің мол екендігін ескере кету керек. Бүгінгі күні қазақстандық сыртқы саясат басымдылығы ең алдымен Ресей, Қытай, АҚШ, ЕО, Орталық Азия аймағындағы көршілес мемлекеттермен, ислам әлемімен тең құқылы қарым-қатынас құруға бағыттталып отыр. Бұл тұрғыда 2006 – 2007 жылдары аталмыш мемлекеттермен және аймақтармен ей жақты байланыс едәір алға басты. Ел мүддесіне қатысты бірталай маңызды құжатқа қол қойылған мемлекет басшылығының Вашингтон, Мәскеу, Брюссель, Лондон, Пекин, Каир, Тегеран, Ташкент, Бішкек және тағы да басқа мемлекеттердің астаналарына ресми сапарларының қорытындылары да осыны айғақтай түсуде. Осылайша мемлекетіміздің әлемнің жетекші державалары мен көршілес ТМД мемлекеттері арасындағы стратегиялық серіктестігі жаңа деңгейге көтерілді деуге болады.



*Қытай Халық Республикасымен ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



* Біздің мемлекетіміздің тағы да бір көршілес елмен қарым-қатынасы серпінді даму үстінде. Бұл - Қытай Халық Республикасы. Жыл сайын екі ел арасындағы тауарайналымы өсіп, экономика, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық салаларында көптеген ірі жобалар жүзеге асырылып отыр. Ұдайы қарым-қатынас арқасында екі ел басшылығының арасындағы байланыс нығайып келеді.



* Мұсылман елдерімен ынтымақтастық

* Қазақстанның ислам әлемімен қарым-қатынасының тереңдей түсуі турасында 2006-2007 жылдар аралығында бұл байланыстың қарқындылығы байқалғанын атап өтуге болады. 2007 жылы ҚР Президенті Н.Назарбаев Мысыр, Иордания, Катар, Сирия, Біріккен Араб Әмірліктерінде ресми сапармен болып қайты. Ал Қазақстанға Мысыр Президенті Х. Мубарак және Иордания королі Абдалла II келді. Бұның бәрі біздің еліміздің және ислам мен араб әлемі арасындағы қарым-қатынасының жаңа деңгейге көтерілгендігінің бірден-бір белгісі болып табылады. Мысалға 2007 жылдың қараша айында Елбасының Сирия Араб Республикасына ресми сапары елеулі оқиға болды. Бұл біздің ел Президентінің араб және мұсылман әлемінде ықпалы зор Сирия мемлекетіне деген алғашқы сапары болды.



Бұл мемлекет территориясында Қазақстанның тарихына тікелей байланысы бар ұлы ғұламалар жерленген. Олар қазақ даласынан шыққан бүгінде Дамаскеде жерленген ұлы ғалым, ағартушы Әбу Насыр Әл-Фараби мен аты аңызға айналған қолбасшы, әмірші Сұлтан Бейбарыс. Осы ретте тарихи және мәдени мұраларды әрдайым сақтап, дәріптеген Қазақстанның Дамаскедегі Әл-Фараби кесенесін салуға және Сұлтан Бейбарыстың кесенесінде жөндеу жұмыстарын жүргізуге қаржы бөліп отырғандығы да кездейсоқтық емес. Бүгінгі күні республикамыз әлем ауқымындағы өзекті Батыстың жетекші мемлекеттері мен ислам әлемі арасындағы «Батыс – мұсылман әлемі» диалогын дамыту идеясын алға тартып отыр, әзірше бұл сыртқы істер министрлері деңгейінде жүзеге асуда. Қазақстан аталмыш идеяны әлем діндерін біріктірген және дінаралық сұхбат құруға мүмкіндік берген өзінің халықаралық тәжірибесіне сүйене ортаға салуда. Бұған мысал мемлекетімізде 2003, 2006 және 2009 жылдарда үш рет өткен және халықаралық деңгейде жоғары бағаға ие болған Әлем және дәстүрлі діндер басшыларының Съезі. БҰҰ Бас Ассамблеясының 62-і сессиясында сөйлеген сөзінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев болашақ съездің БҰҰ аясында өткізілуі туралы ұсыныс жасады.



* Соңғы жылдары Қазақстан Еуропа Одағына (ЕО) мүше елдер арасындағы қарым-қатынас едәуір алға басты. Бұл ретте мемлекетіміздің ЕО-мен «ЕО үштігі – Орталық Азия елдері» диалогы шеңберіндегі ара-қатынасын атап өту қажет. «ЕО үштігі – Орталық Азия елдері» аясындағы соңғы кездесу 2007 жылдың көктемінде Қазақстан Республикасының Елордасы Астана қаласында өтті, оның барысында ЕО-ның Орталық Азиядағы 2007-2013 жылдарға арналған стратегиясы талқыланды. Сол жылдың 30 маусымында Берлин қаласында Еуроодақтың Орталық Азияға қатысты Стратегиясының тұсаукесер рәсімі өтті.

*Еуропа Одағымен ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



Демократиялық реформалар нәтижесінде қол жеткізілген Қазақстанның саяси, экономикалық жетістіктерін халықаралық қауымдастықтың мойындауы және әлемдегі энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі біздің республиканың ықпалының өсуі мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың ТМД Төрағасы ретінде 2006 жылы Санкт-Петербургте өткен G-8 саммитіне қатысуға мүмкіндік берді. Саммит аясында Н.Ә. Назарбаев әлемдік және аймақтық державалардың басшыларымен кездесіп, олармен болған сұхбат барысында екі жақты және көпсалалы ынтымақтастыққа байланысты көптеген мәселелерді талқылады.



**Қазақстан және
ЕКЫҰ*





*** Осы жылғы шілденің 8-інде республика ЕҚЫК-нің Хельсинки қорытынды актісіне, ал қыркүйектің 23-інде – Жана Еуропа үшін Париж хартиясына қол қойды Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан әлемдік державалар мен беделді халықаралық ұйымдардың, соның ішінде ЕҚЫҰ-ның қолдауын қажет етті.**



*** Бұл кезде дүниежүзілік қоғамдастық та тарихтың еркімен қуаты жағынан әлемдегі төртінші ядролық арсеналға ие болып қалған жас мемлекетпен сындарлы сыртқы саясатты жүргізуге мүдделі болды. Осыны ескере отырып, еліміз сыртқы және ішкі саясатта теңдестірілген амал-көзқарастар пайдасына саналы түрде таңдау жасады. Көпжақты әріптестік, экономика мен қоғамды ырықтандыру стратегиясы сол амалдардың өзегіне айналды. Батыстың жетекші елдерінің Ұйымға кіруге шақыруы Қазақстанда еуропалық қауіпсіздіктің тең құқылы және бөліну сызықтары жоқ жағдайлардағы жаңа архитектурасын қалыптастыруға бағытталған қадам ретінде қабылданды.**



Жалпыеуропалық кеңестің толыққанды қатысушысына айналған Қазақстан оны одан әрі дамыту, сонымен бірге халықаралық ұйым болып қайта құрылуы үдерісіне белсене қатысты. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ЕҚЫҰ-ның Хельсинкиде (1992 ж.), Будапештте (1994 ж.), Лиссабонда (1996 ж.) және Стамбұлда (1999 ж.) өткен саммиттерінің жұмысына қатысты.



ЕҚЫҰ МИНИСТРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ЖЫЛСАЙЫҢҒЫ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАЗАҚСТАН АТЫНАН СЫРТҚЫ САЯСАТ ВЕДОМСТВОСЫНЫҢ БАСШЫСЫ ӨКІЛДІК ЕТЕДІ. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАРЛАМЕНТШІЛЕР ҰЙЫМНЫҢ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫНА БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСУДА. 1994 ЖЫЛЫ БУДАПЕШТ САММИТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША, ОДАН ӘРІ ИНСТИТУТТАНДЫРУ МАҚСАТЫНДА КЕҢЕС ЕУРОПАДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӨНІНДЕГІ ҰЙЫМ БОЛЫП ҚАЙТА ҚҰРЫЛДЫ.





1995 жылы еліміздің ЕҚЫҰ-ға тікелей қатысуын қамтамасыз еткен, Қазақстанның Венадағы халықаралық ұйымдар жанындағы Тұрақты Өкілдігінің іргетасы қаланды. Ал 2008 жылдан бастап алдағы төрағалық тұрғысында Елші Қайрат Әбдірахманов басқаратын Қазақстанның ЕҚЫҰ жанындағы Тұрақты өкілдігі жұмыс істеуде.

1995 жылы Ташкенттегі офисімен ЕҚЫҰ-ның Орталық Азиядағы өңірлік Бюросы ашылды. 1999 жылы ЕҚЫҰ-ның Алматыдағы Орталығы ашылды, сосын ол 2007 жылы ЕҚЫҰ-ның Астанадағы Орталығы болып қайта құрылды. Орталықты қазір Елші Александр Кельчевски (Франция) басқарады.



■ Соңғы бірнеше жыл бойында Қазақстан ЕҚЫҰ-ның бірқатар ірі шараларын өткізді, олардың арасында:

■ «Адам саудасына қарсы күрес – өңірлік жауап» атты өңірлік Орталықазиялық конференция (Астана, 2006 ж. 18-19 мамыр);

■ Еуропадағы әдеттегі қарулы күштер туралы шарт бойынша III шолу конференциясында Қазақстанның төрағалық етуі (Вена, 2006 ж. 29 мамыр – 2 маусым);

■ ЕҚЫҰ-ның жоғары деңгейдегі «Мәдениетаралық, дінаралық және этникааралық түсінік» атты Кеңесі – Толеранттық жөніндегі кеңес (Алматы, 2006ж. 12-13 маусым); «Минаяздандыру саласындағы сенім шаралары мен өңірлік ынтымақтастық» атты өңірлік семинар (Алматы, 2007ж.26-27 наурыз);

■ ЕҚЫҰ-ның Парламенттік ассамблеясының 17-ші жылсайынғы сессиясы (Астана, 2008 ж. 29 маусым – 3 шілде). 2009 жылғы қаңтарда қазақстандық дипломат, Елші Вячеслав Ғиззатов ЕҚЫҰ Қазіргі төрағасының мұсылмандарға қатысты төзімсіздік пен кемсітушілікке қарсы күрес жөніндегі Жеке өкілі болып тағайындалды.

2-тапсырма

Қазіргі әлемде орын алып отырған жағдайлар мен ішкі мемлекеттік жағдайлар Қазақстанның қауіпсіздік мәселелеріне басқаша қарауға міндеттейді. Ұлттық қауіпсіздік мәселелері сыртқы саясат, қорғаныс, саяси тұрақтылық сұрақтары, әлеуметтік экономикалық дағдарысты құбылыстар, экологиялық және техногенді апаттар, мемлекет ішіндегі және жақын шетелдегі әлеуметтік, демографиялық, этникааралық мәселелер, қылмыс деңгейінің өсуі, есірткі саудасының ұлғаюы сияқты жаңаша қауіп қатерлермен қиындай түсті деуге болады.

Осының нәтижесінде 1998 жылы 26 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңының орнына 2012 жылы 6 қаңтарда жаңа «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңы қабылданды. Өкінішке орай, бұл заңның Қазақстанның ішкі саяси мәселелерінің шиеленісуінен кейін ғана қолға алынғандығы, жалпы қауіпсіздік жүйесінің толықтай қамтамасыз етілмегендігіне назар аудартады. Жаңа заңның қабылдануына соңғы уақыттағы қауіп қатерлердің көрініс табуы әсер етті.

Аталған екі заңды өзара салыстыратын болсақ, 1998 жылы 26 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңында **ұлттық қауіпсіздік** «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі – елдің ұлттық мүдделерінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі» делінсе, 2012 жылы 6 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңында былай анықтама беріледі: «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі – адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің серпінді дамуын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы ұлттық мүдделерінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі». Бұл жердегі ерекшелік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің субъектілері нақтыланған. Бұл қатер төнген кездегі қауіптің бағытталу нысанын айқындауда маңызды.

Тұтастай алғанда қауіпсіздік жүйесіндегі төнетін қатерді алдын ала анықтаудың қажеттілігі басым. Аталған заңдарға жасалған сандық контент талдау бойынша ұлттық қауіпсіздік ұғымындағы маңызды келеседей айырмашылықтарды байқауға болады:

Негізгі ұғымдар	1998ж. заң бойынша	2013ж. заң бойынша
Қауіп	17	22
Қауіпсіздік	143	168
Ұлттық қауіпсіздік	94	107
Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	52	61
Ұлттық мүдде	14	18

Бұның себебін бірнеше факторлардан байқауға болады. Ең алдымен, 1998 жыл қарсаңында және одан кейін орын алған оқиғалар Қытай Халық Республикасымен шекараны делимитациялау, 1998 жылғы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы мәңгілік достық пен серіктестік туралы декларацияның қабылдануы, «Қазақстан- 2030» бағдарламасының қабылдануы және өзге де оқиғалар қауіпсіздік саласында белгілі бір тұрақтылыққа қол жеткізуге мүмкіндік берді. Одан кейінгі уақытта 21 ғасырда әлемдік жағдай оның ішінде Қазақстанда жағдай күрделене түсті. Әлемдік тәртіптегі өзгерістер, ақпарат толқының жету жылдамдығының артуы, әлемдегі жүріп жатқан өзгерістер оның ішінде, Қырғызстандағы жағдайлар, Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы «Араб көктемі», Еурозонадағы дағдарыс, біртұтас және тиімді аймақтық қауіпсіздік жүйесінің болмауы, аймақтық диспропорция нәтижесінде болуы мүмкін сепаратизм қаупі, Жаңаөзендегі және Маңғыстау облысындағы қарсылық қозғалыстары, Ақтөбедегі қылмыстық топ әрекеттері, жаңадан қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның қабылдануымен байланысты «Халифат солдаттары» радикалды исламдық тобы ұйымдастырған Атыраудағы, Тараздағы және Боралдайдағы террористік актілер жаңа 2012 жылғы заңның қабылдануына және ұлттық қауіпсіздік және қауіпсіздік мәселелеріне баса назар аударуға мәжбүрледі.

Экономикалық қауіпсіздік мемлекеттің жалпы ұлттық қауіпсіздік жүйесінің негізгі элементі болып табылады. 1998 жылы 26 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңында экономикалық қауіпсіздік: «экономикалық қауіпсіздік – Қазақстан Республикасының ұлттық экономикасының тұрақты дамуы мен экономикалық тәуелсіздігіне қатер төндіретін ішкі және сыртқы жағдайлардан, процестер мен факторлардан қорғалуының жай-күйі» деп көрсетілсе, 2012 жылы 6 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы» заңда «экономикалық қауіпсіздік – экономиканың орнықты дамуы және оның тәуелді болмауы қамтамасыз етілетін, Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі» делінеді. Яғни қазіргі таңда Қазақстанның ұлттық экономикасының тәуелділігін болдырмау басты мәселе болып отыр, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мемлекетімізге инвестиция тарту маңызды болды. Бұл мәселе шешілгеннен кейін ендігі кезекте оның салдарымен күресу келесі орынға шықты, яғни экономикалық қауіпсіздік мәселесі арта түсті деп атауға болады. 1998 жылғы заңда **экономикалық қауіпсіздік сөзі 4 рет**, ал 2012 жылғы заңда **9 рет** қайталанады. 1997- 1998 жылғы әлемдік қаржылық дағдарыс, 2000 жылғы еуразиялық экономикалық қауымдастық құру туралы декларацияның қабылдануы, жалпы экономикалық даму саласына басымдық беру экономикалық қауіпсіздікке, экономикалық мәселелерге назар аударуға итермеледі. Ал 2007-2010 жылдардағы әлемдік қаржылық дағдарыс, Қазақстандық өнеркәсіп салаларындағы өндіруші мен өңдеуші сала арасындағы диспропорция, аймақтардың әлеуметтік экономикалық дамуының диспропорциясы, халық кірісіндегі дифференциясының күшеюі экономикалық қауіпсіздікке одан әрі баса назар аудару керектігін көрсетті. Сонымен қатар, соңғы жылдары Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері үнемі күрделене түсуде, экономикалық қауіпсіздіктің қауіп қатерлерінің орнына келесі одан да қиынырақ және күрделірек жағдайдың болуын байқауға болады.

Қазіргі уақытта Қазақстанның **ақпараттық қауіпсіздігіне** төнер қауіп-қатер деңгейі жоғары. Бұл, ең алдымен, Қазақстанның тұрақсыздығына қатері -дайын ақпараттық өнімнің импортына тәуелділігі. 20 ғасырдың аяғында ақпарат кеңістігін, ақпарат алмасуын 21 ғасырдағы ақпарат толқынымен, ақпараттың таралу деңгейімен салыстыруға келмейді. Оның көрінісін мынадан көруге болады: 1998 жылғы заңда «ақпараттық қауіпсіздік – мемлекеттік ақпараттық ресурстардың, сондай-ақ ақпарат саласында жеке адамның құқықтары мен қоғам мүдделері қорғалуының жай-күйі» деп көрсетілсе, 2012 жылғы заңда «ақпараттық қауіпсіздік – елдің орнықты дамуы және ақпараттық тәуелсіздігі қамтамасыз етілетін, ақпарат саласындағы нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден Қазақстан Республикасы ақпараттық кеңістігінің, сондай-ақ адамның және азаматтың құқықтары мен мүдделерінің, қоғам мен мемлекеттің қорғалуының жай-күйі» деп көрсетіледі, сонымен қоса **ақпараттық инфрақұрылым** – ақпаратты қалыптастыру, жасау, өзгерту, өңдеу, беру, пайдалану және сақтау техникалық құралдары мен жүйелерінің жиынтығы; **ақпараттық кеңістік** – жеке және қоғамдық санаға, ақпараттық инфрақұрылым мен ақпараттың өзіне де ықпал ететін, ақпаратты қалыптастыруға, жасауға, өзгертуге, өңдеуге, беруге, пайдалануға, сақтауға байланысты қызмет саласы деген негізгі ұғымдармен толықтырылған. 1998 жылғы заңда **ақпараттық қауіпсіздік ұғымының 2 рет**, 2012 жылы **5 рет** қайталанғандығы қазіргі уақытта ақпараттық қауіпсіздік қауіп- қатерлері күшейе түскендігін көрсетеді. Атап айтсақ жағымсыз қоғамдық ой қалыптастыруға бағытталған дезинформация, мемлекеттік, қорғаныс, банктік, коммерциялық басқару салаларындағы қолданылатын байланыс каналдарының әлсіз техникалық қорғалғандығы, ақпараттық, телекоммуникациялық технологиялардың төменгі сапасы, ақпараттық ресурстардың санының артуы және жаңа технологиялық мүмкіндіктердің пайда болуы, БАҚ арқылы мәдени және идеологиялық экспансияның күшеюі сияқты мәселердің көрініс табуы ақпараттық қауіпсіздікті күшейте түсуді міндеттейді. Ақпараттық тәуелділіктің бағыныштылығы одан әрі артып келеді. Соған қарамастан отандық БАҚ-тан тарайтын ақпарат ресурстарының жеткіліксіздігі және ондағы таратылымның көп бөлігін ресейлік ақпарат екендігін байқай аламыз.

Қорыта айтқанда, «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» жаңа заңы ұлттық қауіпсіздіктің тиімді тетіктерін қалыптастыруға бағытталған. Соған сәйкес қазіргі таңдағы ұлттық қауіпсіздіктің қатерлеріне төтеп беруден гөрі оны алдын-алу аса маңызды болып табылады. Қауіпсіздік саласындағы басты өзгеріс орын алып отырған тәуекел мен дабылдардың қауіп-қатерлерге айналуы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді күшейтуді байқатады. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етілуі - жаһандық жаңа шынайылықтарға жедел бейімделуді және ішкі саяси тұрақтылықты күшейту негізгі басымдық ретінде алынуы міндет.

Мемлекеттік егемендік туралы декларация - [1990](#) ж. 25 [қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің](#) қаулысы бойынша қабылданған тарихи құжат. Декларацияда Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі жарияланып, елдің саяси-құқықтық тәуелсіздігінің бағдарламасы баяндалды. Ел аумағының тұтастығы, оған қол сұғылмайтындығы, қазақ халқының және [Қазақстандағы](#) басқа да этнос өкілдерінің төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі ретінде айтылды. Конституциялық құрылысқа қарсы жасалатын кез келген күштеу әрекеттері, оның аумағының тұтастығын бұзуға шақыратын, ұлт араздығын қоздыратын жария-ұрандардың заң бойынша жазаланатыны ескертілді. Республиканың саяси, экономикалық, әлеуметтік, ұлттық-мәдени құрылысына, оның әкімшілік-аумақтық құрылысына байланысты мәселелер ешкімнің араласуынсыз дербес шешілетіні жарияланды. [Президент](#) - Республиканың басшысы, ең жоғарғы әкімшілік-атқарушылық биліктің иесі ретінде танылды. [Жер](#), оның қойнауы, [су](#), [әуе кеністігі](#), [өсімдіктер](#) мен [хайуанаттар дүниесі](#), басқа да табиғи ресурстар, халықтың мәдени және тарихи қазыналары, бүкіл экономикалық, ғылыми-техникалық әлеует Республика егемендігінің негізін құрай отырып, оның ерекше меншігінде болатыны көрсетілді. Декларацияда: *"Қазақ КСР-і Республика үлесіне сәйкес жалпыодақтық мүліктегі, оның ішінде алмас, валюта қорлары мен алтын қорындағы өз үлесіне құқылы, республика аумағында ядролық қарудың сыналуына, жаппай қырып-жоятын қарудың өзге түрлері (хим., бактериолог., биолог., т.б.) үшін сынақ полигондарын салуға және олардың жұмыс істеуіне тыйым салынады"* деп жазылды. "Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен Президентке бағынатын, солардың бақылауында болатын өз ішкі әскерлерін, мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер органдарын ұстауға Қазақ КСР-нің құқы бар" делінді. Декларациядағы бағдарлама негізінде [1991](#) ж. 16 [желтоқсанда](#) *"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы"* [Конституциялық Заң](#) қабылданды.

3-тапсырма

Экономикалық ынтымақтастық Ұйымы аймақтың ынтымақтастық даму құқығына ие, 1985 жылы құрылған Үкіметаралық аймақтық ұйым болып есептеледі. ЭЫҰ үш құрылтайшысы мемлекеттің Иран Ислам Республикасы, Пәкістан Ислам Республикасы және Түркия Республикасының Измир шартының келісімі бойынша қол қойылған устав аясында әрекет жасады.

Қызметі

ЭЫҰ қызметі өзара тиімді жобалар мен бағдарламаларды қарастырып дайындап директорлар арқылы Бас Хатшының және оның орынбасарларының бақылауымен жүзеге асырылады олар мыналар:

Сауда және инвестиция

Көлік және телекоммуникация

Энергетика, минеральді ресурстар және қоршаған ортаны қорғау

Ел ресурсы және орнықты даму

Жобалық және экономикалық зерттеу мен статистика

Халықаралық қатынас

Ұйым шеңберінде тағы да алты аймақтық институт құру туралы құжатқа қол қойылды: сауда және даму банкі (құрылу алдында тұр), қайта сақтандыру компаниясы (қызметте жоқ), Суда тасымалдау, әуе жолы компаниясы (аталған жобаны болашақта мақсаиқа сай еместігін туралы шешім қабалдаған), Сауда-өнеркәсіп палатасы, сақтандыру туралы колледж және мамандандырылған үш агенттік: [Мәдениет институты](#), [Ғылыми фонд](#) (қызметте жоқ) және Білім институты (қызметте жоқ). 2005 жылы ЭЫҰ Министрлер Кеңесінің шешімімен Астанаға аймақтық институт және Инженерлік-Консалитингілік компаниясы статусын берді. 1999 жылдан бастап Хатшылықта ЭЫҰ аймағындағы заңсыз есірткіні тасымалдауды бақылау Үйлестіруші ұйымы құрылды.

Әлемдегі Кеден одақтары туралы

ДСҰ ДЕРЕКТЕРІ БОЙЫНША НОТИФИКАЦИЯДАН ӨТКЕН КЕДЕН ОДАҒЫ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМДЕРДІҢ НЕГІЗІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ШАМАМЕН 12 МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ БІРЛЕСТІК БАР:

Еуропалық Одақ	24 сәуір 1957
Орталық америкалық жалпы нарық	24 ақпан 1961
Кариб қоғамдастығы және жалпы нарық	14 қазан 1974
Анд қоғамдастығы	1 қазан 1990
Оңтүстік Африка кеден одағы	25 маусым 2007
Оңтүстік америкалық жалпы нарық	17 ақпан 1991
ЕО-Түркия	22 желтоқсан 1995
ЕО-Андорра	23 сәуір 1998
Орталық Африканың экономикалық және валюта қоғамдастығы	21 шілде 1999
Батыс африкалық экономикалық және валюта одағы	27 қазан 1999
Шығыс африкалық қоғамдастық	9 қазан 2000
Парсы шығанағы мемлекеттерінің ынтымақтастық жөніндегі кеңесі	19 қараша 2007

КО ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ



2000 ж. 10 қазанда Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан мемлекеттерінің басшылары *Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру* туралы шартқа қол қойды.

2006 ж. 16 тамызда ЕурАзЭҚ мүше (Қазақстан, Ресей және Беларусь) мемлекеттердің басшылары *«ЕурАзЭҚ шеңберінде кеден одағын қалыптастыру туралы»* Шешім қабылдады.

2007 ж. 6 қазанда Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы *Бірыңғай кеден аумағын және кеден одағын құру* туралы шартқа қол қойды.

2007 Ж. 6 ҚАЗАНДА КО ҚҰРЫЛДЫ

- Кедендік одақтың жоғарғы органы – мемлекет пен үкімет басшыларының деңгейіндегі **Мемлекетаралық Кеңестер**.
- Кедендік одақ **Комиссиясы** - кедендік одақтың тұрақты түрде жұмыс істейтін біртұтас реттеуші органы.
- Кедендік одақтың құрылуы біртұтас кедендік кеңістіктің пайда болғаны.
- Кеңістік шеңберінде кедендік баж салынбайды, экономикалық шектеуші құралдар қолданылмайды.
- Демпингке қарсы немесе компенсациялық шараларды қолдануға, Кедендік одақ шеңберінде біртұтас кедендік тариф және шет мемлекеттермен сауда айналымын реттейтін басқа да ортақ шаралар қолданылады.
- Кедендік одақ Тараптары **2007 жылғы 6 қазанындағы Шарт** бойынша Кедендік одақ Комиссиясын – Кедендік одақтың бірыңғай тұрақты қызмет ететін реттеуші органын құрды. (Душанбе)

Кеден Одағының мәні және маңызы

Одаққа бірігудің негізгі мәні одаққа мүше мемлекеттер ішіндегі кедендік тосқауылдардың болмауында және кез келген сыртқы тауарға, оның қай елге тасымалданатынына және ортақ шекарадан қай жерде өткеніне қарамастан бірыңғай кедендік талапты қалыптасуында. Келешекте біртұтас көліктік, энергетикалық, ақпараттық кеңістік құрылуы тиіс, интеграциялық процестер жеделдетіледі, толыққанды жалпы рынок қалыптасады, ұлттық экономикалар біртұтас кешенге бірігеді. Елдер әлеуметтік – экономикалық дамудың ортақ мақсаттарына келіседі, уағдаласқан құрылымдық, инновациялық, сыртқы экономикалық және әлеуметтік саясатты қалыптастырады.

Қазірге дейінгі 108 миллиард долларлық инвестициялардың бәрі дерлік шикізат секторына салынған. Ал өңдеу, қайта өңдеу салаларына инвестицияның жолы қиын. Инвесторлар елге келеді де халық санына қарайды. Рынок аясы тар болған соң, инвестиция тартуға тәуекел ете бермейді. Ал қазір бізге үлкен рынок ашылды.

Біздің тұтыну рыногымыздың 170 миллион адамға кеңеюі – қазірдің өзінде көзге көрініп тұрған мүмкіндік. Кеден одағы іске қосылған 1 қаңтардан бергі статистикалық мәліметке жүгінсек, 2009 жылғы қаңтар – сәуір аралығында Қазақстанның Ресейге экспорты 976, 9 миллион доллар болған. Ал биылғы сол төрт айдың экспорты – 1 686,7 миллион доллар. Демек, 72 пайызға артқан.

Қазақстан кезінде жылына шамамен 400 мың тонна ет өндірген еді. Соның 350 мың тоннадайы Ресейге жөнелтілетін. Ал қазір Қазақстанның Ресейге шығарып отырған мал еті асып кеткенде 2 мың тонна. Айта кетейік, ақшасын санағанда 7 – 8 млн. тонна астық экспорттағанша, 100 мың тонна ет шетке сатқан пайдалы. Сондықтан Қазақстан сиыр еті мен қой етінің экспортын 2014 жылы 64 мың тоннаға жеткізуді меже етіп отыр. Бұл мәселеде ілгерілеушілік бар. Тек соңғы 5 жылдың ішінде ет өндіру 22 пайызға артты. 2009 жылы біздегі ет өндірісі сойыс салмағымен 896,3 мың тоннаға жеткен. Сөйтсе де, амал не, қазірше ет экспорттаушы елге айнала қойған жоқпыз. Сол себепті етті де өзімізден ауыстырып жатқан жоқпыз. Ет мәселесіне келгенде, тұтынудың әлемдік ұлттық мөлшері 1 адамға 48 келіден. Ал әрбір қазақстандыққа қазір 64 келіден ет тиеді. Негізінен сиыр еті мен қой еті.

Шекара бойлап мал тұқымын асылдандыруға, семіртуге, союға және ет өңдеуге арналған 100 – ге жуық кәсіпорын ашқалы отырмыз. Мұның бәрін алдағы 5 – 6 жылда салып бітіруіміз керек. Ет комбинаттары бізге Ресейдің ет базарына есік ашып беруі тиіс. Олардан кейін бұл істі жеке меншік шаруашылықтар жалғастырып, алып кетеді деп ойлаймыз.

Жекенің малы Ресейге ет комбинаттары арқылы сатылады. Ал ол комбинаттар ет өнімдерінің тұрақты қорына сенімді болуы үшін малдың кемінде жартысы өздерінің шаруашылықтарынан шығуы керек. Қалғанын халықтан сатып алады. Етті экспортқа өткізудің қазір басқа жолы жоқ.

Елбасымыз негізгі назарды Бірыңғай экономикалық кеңістіктің құқықтық базасын қалыптастыруға аударып отыр. Ол кеңістіктің құқықтық базасы негізгі 20 құжаттан тұрмақ. Біз оларды дайындауды екі кезеңде жүргізіп, 2012 жылдың бірінші қаңтарына дейін бітірмекшіміз. Бірінші кезеңде – 2011 жылдың 1 шілдесіне дейін 14 келісімді, ал екінші кезеңде – 2012 жылы 1 қаңтарға дейін қалған 6 келісімді ратификациялау көзделіп отыр. Жаңа құрылым осы үш елге 2015 жылға қарай ішкі жалпы өнімді 15 пайызға арттыруға жағдай жасайды. Ол кезде үш елдің ішкі жалпы өнімінің көлемі шамамен 2 триллион АҚШ долларына жетеді деп межеленеді.

Елбасымыз негізгі назарды Бірыңғай экономикалық кеңістіктің құқықтық базасын қалыптастыруға аударып отыр. Ол кеңістіктің құқықтық базасы негізгі 20 құжаттан тұрмақ. Біз оларды дайындауды екі кезеңде жүргізіп, 2012 жылдың бірінші қаңтарына дейін бітірмекшіміз. Бірінші кезеңде – 2011 жылдың 1 шілдесіне дейін 14 келісімді, ал екінші кезеңде – 2012 жылы 1 қаңтарға дейін қалған 6 келісімді ратификациялау көзделіп отыр. Жаңа құрылым осы үш елге 2015 жылға қарай ішкі жалпы өнімді 15 пайызға арттыруға жағдай жасайды. Ол кезде үш елдің ішкі жалпы өнімінің көлемі шамамен 2 триллион АҚШ долларына жетеді деп межеленеді.

5-тапсырма

- 2007 жылдың 25 қыркүйегінде Елбасы БҰҰ Бас ассамблеясының сессиясында жаһандық энергоэкологиялық стратегия құру жөнінде ұсыныс жасап қана қоймай, оны жүзеге асыру жолдарын айтқан болатын. Аталмыш мәселе 2012 жылы «РИО-20» тұрақты даму бойынша дүниежүзілік саммитте талқыланбақ. Бұл Елбасының ең ірі бастамаларының бірі

Қазақстан экономикасының энерго-экологиялық тұрғыдан дамуы

Қазіргі таңдағы негізгі ғаламдық проблемалардың бірі экологиялық мәселелер екені баршаға мәлім. Дамыған және дамушы елдердің экономикалық өсуі артқан сайын экологиялық проблемалары да соған сәйкес жоғарылау үстінде. Осы мәселелермен әр түрлі экологиялық ұйымдар ашылып жатса да, олардың бұл проблемаларды шешуге қауқарлары жетпей, ғаламдық мәселеге айналдырды. Бүгінде бүкіл жаратылыстану ғылымдарының негізгі зерттеу мәселесі - ғаламдық экологиялық проблема. Экологияның және экологиялық мәселелердің шешілуінде және кең өріс алуында энергетиканың маңызы зор, себебі қолға алынып жатқан энерго экологиялық стратегиялар мен жоспарлар ең шулы тақырыптар кезегінде әлемдік мәртебе иесі болып отыр.

Қазіргі таңда нағыз экономикалық даму сатысына шыққан Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шаралары, онымен күресетін ұйымдары және демеуші болып отырған халықаралық одақтар шешімдерімен 2011 ж Астанада V KAZENERGY Еуразиялық форумы ашылды.

Форумның негізгі мақсаты қос құрлықтың энергетикалық шикізат көздерін дамытумен қатар мақсатты түрде энергеэкологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады. осы оқиға Қазақстан Республикасының экологиялық дағдарысқа қарсы жылжуының тағы бір дәлелі бола алды десек қателеспейміз. 2013 жылдың қорытындысы бойынша ішкі жалпы өнім Қазақстан Республикасында 6 пайызға өсу деңгейін көрсеткен. Демек, осыған байланысты энергетикалық шикізатқа деген сұраныс та жыл сайын арта бермек. Ендеше, энергетикалық қауіпсіздік Қазақстанның маңызды мәселелерінің күн тәртібінен түспек емес. Қазақстан бір бөлігі болып табылатын Каспий өңірі халықаралық энергетикалық рынокта барған сайын өскелең рөл атқаруда. Каспий аймағының бұл көкейкесті мәселедегі рөлі, энергетикалық шикізат көздерінің жаңа мүмкіндіктері, өңірдің экологиялық ахуалы, жаһандық жылыну үрдістері “Еуразияның энергетикалық картасы: тәуекелдер тепе-теңдігі және жаңа мүмкіндіктер” тақырыбымен өтіп жатқан Қазақстан форумдарының негізгі арқауына айналып үлгерді.

Бүгінгі күні «Самұрық-Энерго» АҚ-тың инвестициялық жобалар ірі-ірі 12 жоба бар. Олардың мақсаты – алдағы 10 жылдың ішінде жұмыс істеп тұрған станциялардың қуаттылығын арттыру және жаңаларын салу арқылы электр энергиясы тапшылығын жою. Мәселен, 2013 жылдың 2 тамызында «Самұрық-Энерго» Қапшағайдағы қуаттылығы 2 мегаватт болатын күн электростансасын іске қосты. Ал осы айда компания Ерейментаудағы қуаттылығы 45 мегаватты құрайтын жел электростансасының құрылысын бастады. Болашақта оның қуаттылығын 300 мегаваттқа дейін жеткізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар Балқаш ЖЭС-нің қуаттылығы 1320 МВт болатын алғашқы модулі мен Әкібастұз ГРЭС-нің қуаттылығы 600-650 мегаваттық үшінші энергоблогының құрылысы жалғасып жатыр. Бүгінде әлемдік қоғамдастық үшін жаһандық энергетикалық дағдарыстың тереңдеуі және планетада қолайсыз климаттық өзгерістер қатерінің өсе түсуі аса өткір проблемалар болып табылады

Экологиялық және энергетикалық қауіпсіздік мәселелері - бүгінгі таңдағы ең ауқымды әрі маңыздылығы өте жоғары, кезек күттірмейтін жаһандық күрделі проблемаға айналып отыр. Энергетикалық және экологиялық қауіпсіз әлемді қалыптастыру мәселелерінен қазақ елі шет қалмақ емес. Мемлекет басшысының бастамасымен ХХІ ғасырдағы тұрақты дамудың ғаламдық энергоэкологиялық стратегиясы әзірленді. Экология, экономика және энергетика. Әлем елдері алдағы уақытта осы үш бағыттың тепе-теңдігін қамтамасыз етуі керек. Яғни, тек энергияны теңгерімді пайдаланудың бірлескен жолын даярлағанда ғана әлемдік қауымдастық жаһандық экологиялық қауіпсіздіктің негізін құра алады. Ғаламдық энергоэкологиялық стратегияда осы мәселе айқындалған. Ең бастысы - экономика мен энергетиканы дамыта отырып, экологиялық қауіпсіздікті естен шығармау қажет.

Энерго-экологиялық мәселелерді нәтижелі шешудің, тұтынуды тиімді етуден бастап, энергоүнемдеудің тиімділігін арттыру, энергияның баламалы және жаңарып тұратын көздерін инновациялық тұрғыда дамыту секілді барлық жолдары қарастырылуы тиіс. ҚР Президентінің бұл сөздерінен инновация— энергетика— экология— энерго-экологиялық экономика тізбегін шығаруға болады. Яғни инновациядан жаңа заманның тиімді энергетикасына, тұтынудың экологиялық жүйелеріне қарай жүру. Нәтижесінде электро-экологиялық экономикаға қол жеткізуге болады

«XXI ғасырдағы жаһандық тұрақты дамудың энергоэкологиялық стратегиясы» атты кітаптың алғашқы тарауында бүгінгі таңда әлемде қалыптасып отырған жағдайға жан-жақты талдау жасалады. Сонымен қатар, мұндай күрделі мәселені шешудегі әлемдік институттар атқаратын іс-шаралардың бағыт-бағдары мен стратегиялық міндеттері де алға қойылады. Ал кітаптың екінші бөлімі тұрақты энергоэкологиялық дамуды жүзеге асырудың қағидалары мен әдістеріне арналған. Сөйтіп, жаңа еңбектің үшінші бөлімінде Қазақстанның және ЕурАзЭҚ мемлекеттерінің үлгісінде энергоэкологиялық стратегияны іске асырудың мүмкіндіктері кеңінен ашылған. Айта кететін тағы бір жәйт, монографияда бірқатар мемлекеттердің энергоэкологиялық дамуының алгоритмдері мен нақты схемалары да барынша қамтылған.

Инвестициялық бандаламаның қаржыландыру көздері:

- Несие қаржылары – капитал жұмсалымдарының жалпы сомасының 53,9%
- Меншікті қаражат – капитал жұмсалымдарының жалпы шамасының 35,0%
- мемлекеттік бюджет қаржысынан қаржыландыру – капитал жұмсалымдарының жалпы шамасының 11,1%-ы болып табылады.

Қорыта айтқанда, мемлекеттің энергоэкологиялық қауіпсіздігінің даму дәрежесі оның экономикалық-әлеуметтік абыройы мен нарықтық ортадағы алатын орнына әсерін тигізеді. Қазақстан Республикасының қазіргі таңдағы энергоэкологиялық қауіпсіздікке деген қарқыны бәсеңдеу нәтижесін көрсетпейтін болса елдің энергетика саласындағы дамуы экономикамен және экологиямен байланысын нығыздай отырып дамудың, экономикалық өркендеудің, инновациялық - индустриялық қауіпсіз қаржыландырылудың негізі болады деп сенім артуға толық мүмкін болады.

Келесі кезекте, 21 ғасырдағы шешімін табуы қиын мәселелерге айналған терроризм мен экстремизм мәселесін қарастырсақ. 1998 жылғы заңда террор ұғымы **2 рет**, экстремизм ұғымы **1 рет** кездесе, 2012 жылғы заңда террор ұғымы **10 рет**, экстремизм ұғымы **5 рет** қайталанып отырғанын көруге болады. Бұның басты себебін АҚШ тағы 2001 жылғы 11 қыркүйектегі қайғылы оқиғадан кейінгі әлемдік деңгейдегі терроризммен күрестің басталуынан, осы оқиғадан кейінгі «жаңа әлемдік түсініктің» пайда болуы, Ауғанстандағы жағдайлардың шиеленісуі, ел оңтүстігіндегі және батысындағы радикалды ислам топтарының жұмысының күшеюі, Қазақстандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның қабылдануымен байланысты «Халифат солдаттары» радикалды исламдық топ ұйымдастырған Атыраудағы, Тараздағы және Боралдайдағы террористік актілерден байқауға болады. Бұл мәселердің шешілуі мәселелерді қиындатуда аса өзекті. Сондықтан да бұл тарапта жаһандық қауіптер болғандықтан әлемнің ажырамас бөлігі ретінде Қазақстанды шет қалдырмайды

Жалпы тапсырмаларды орындау үшін пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә.Назарбаев, «XXI ғасырдағы жаһандық тұрақты дамудың энергоэкологиялық стратегиясы»
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан.
3. [Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар](#)
4. «ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ жылдық есебі ақпарат көзінің материалдары
5. «Рейтинговое агентство РФЦА» АҚ талдаулық есебі ақпарат көзінің материалдары
6. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. Қазақстан Республикасы Президентінің баяндамаларынан, сөйлеген сөздері мен мақалаларынан. А., 1996.
7. Қазақстан тарихы. Очерктер. Алматы, 1994.
8. Қазақстан тарихы / Көне заманнан бүгінге дейін. – 5 томдық. 5 том. Алматы, 2010
9. www.abai.kz Ақпараттық порталы;
10. Дала мен Қала газеті;
11. Егемен Қазақстан газет
12. Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіздік туралы заңы» 1998ж.
13. Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіздік туралы заңы» 2012ж.